

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет: Философия және саясаттану

Мамандық: Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

*Тақырыбы: Тұлғааралық коммуникация
ерешелігі*

Тексерген: Рамазанова С.К.

.

Адам әлемі – коммуникация әлемі. Л. Витгенштейн айтпақшы, адам өзін-өзі адам ретінде тек қана басқа адамдармен коммуникациялық байланыс жүйесіне енгеннен соң сезінеді екен.



Тұлғааралық қарым-қатынас адамдар болмысының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынассыз адамның жекелеген психикалық қызметтерінің, үдерістер мен ерекшеліктерінің, жеке тұлғаның және тұтас қоғамның толыққанды қалыптасуы мүмкін емес. Тұлғааралық қарым-қатынастар, яғни бір адамның екінші адаммен қарым-қатынасы.



Тұлғааралық қарым-қатынасқа адамзат аралық ақпарат алмасу жатады, бұл қарым-қатынастың бірінші коммуникативтік жағы ретінде сипатталады. Тұлғааралық қарым-қатынастың екінші жағы – қарым-қатынас жасаушылардың өзара әрекеттестігі – тек сөйлесу үдерісі арқылы ғана емес, істері мен әрекеттері арқылы да қарым-қатынас жасау. Қарым-қатынастың үшінші жағы қатынас жасаушылардың бірін-бірі қабылдауы болып табылады.



Оқыту үдерісіндегі тұлғааралық қарым-қатынас дегеніміз – оқытушының ықпалымен студенттердің топтық іс-әрекетін реттеуші, вербалды, бейвербалды қарым-қатынасқа түсу ерекшелігі, оқыту үдерісіндегі шиеленістерді шешудің, мінез-құлықтың топтық нормаларын қалыптастырудың құралы және болашақ маман тұлғасының қалыптасуының бір факторы болып табылады.



Оқыту үдерісінде тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетінің болмауы немесе төмен деңгейде болуы көп жағдайда келіспеушілік пен келеңсіз оқиғаларға, сондай-ақ оқытушының студентпен немесе бүкіл топпен байланысының нашарлауына себеп болуы мүмкін. Мұндай келеңсіз жағдайды табысты әрі шебер түрде реттей білу оқытушының қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты.

Оқытушы мен студент арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі моральдық нормалары бар, олар – өзінің тыңдаушыларының әрқайсысының қадір-қасиетін құрметтеу, ішкі дүниесіне ықыласпен және сеніммен қарым-қатынас жасау, қайырымдылық пен мейірбандық таныту.

- **Ч. Кули:** Коммуникация – адам қатынастарының дамуымен жүзеге асуын қамтамасыз ететін тетік.
- **А. Урсул:** Коммуникация- күрделі динамикалық желілер мен олардың бөлімі.
- **К.Черри:** Коммуникация – кең мағынадағы жеке бастың түрлі мақсатта бағытталған әрекеттері үшін тәл немесе белгілер көмегімен жалпы мәнді ережелер жиынын орнататын әлеуметтік бірлестік

Коммуникация қолдану аясы:

- ✓ Әмбебап – мұнда коммуникация материалдық және рухани әлемдегі кез келген объектінің байланыс амалы.
- ✓ Техникалық – мұнда коммуникацияның бір нәрсенің басқаша байланысын хабарлау жолы ретінде қарау және ақпаратты материалдық идеалдық объектілердің бір орыннан екінші орынға тасымалдау әдісі.
- ✓ Биологиялық – биологияның этология бөлімінде аңдар, құстар, жәндіктер және т.б белгілік байланыс амалдарын зерттегенде қолданылады.
- ✓ Әлеуметтік – адамның алуан түрлі байланыстары мен қатынастарының сипатын және белгісін білдіруге пайдаланылады.

Коммуникация теориясының маңызды қызметтеріне мыналар жатады:

- ✓ Танымдық қызметі – коммуникацияның негізгі процесстері мен механизмдерінің құрылуы мен түсіндірілуіне бағытталған. Қоғамда, табиғатта, яғни коммуникацияның барлық қолданбалы салаларындағы процесстер мен механизмдерді. Бұл қызмет мына сұрақтарға жауап береді: коммуникативті шындық нені білдіреді? Қандай себептер негізінде коммуникативті құбылыстар пайда болады?
- ✓ Әдістемелік қызмет – коммуникативті шындықты зерттеуде және тануда неғұрлым тиімді ғылыми білімдер жасау.
- ✓ Прогностикалық – әлеуметтік коммуникацияның даму перспективаларын анықтау, қоғамдағы коммуникативті процесстерді модельдеу, болуы мүмкін салдары мен нәтижелерін анықтау мақсатында.
- ✓ Практикалық (инструменталды)- коммуникация процесі оптимизациясының мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, коммуникативті процесстің объективті субъективті факторларын есептеу, коммуникациямен болатын әлеуметтік процесстерді ұйымдастыру мен бақылау.

Тұлғааралық коммуникация – бірнеше адамдар арасындағы тілдік, тілдік емес құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асатын өзара әрекеттестік, нәтижесінде қарым-қатынасқа түсушілер арасында психологиялық контакт және белгілі бір қатынас орнайды.



Тұлғааралық коммуникация қызметі немесе функциялары:

- Қарым-қатынастық функция – ақпарат алмасу үшін, ақпарат қабылдау үшін қарым-қатынас, контакт орнату
- Ақпараттық – хабар, ой, шешім, пікір алмасу.
- Қозғаушы, түрткі болатын функциясы – белгілі бір әрекет жасауға деген партнердің стимуляциясы
- Үйлесімділік – бірлескен әрекетті ұйымдастыруда өзара келісім мен түсіністік
- Түсінісу – көңіл-күйді, абыржуды, ниетті адекватты түрде дұрыс қабылдау
- Эмотивті – серіктесте керекті эмоциялық күй ояту, сонымен қоса абыржуды өзгерту
- Қарым-қатынас орнату – индивид әрекет ететін рөлдік, дәрежелік, іскерлік жүйеде өз орнын түсіну.
- Әсер ету – серіктестің жеке ойлау құрылымында күйді, қылықты өзгерту.

Адамдар арасындағы өзара әрекеттестікті тұлғааралық деуге болады, егер мына критерийлерге сай келсе:

- ✓ Бірнеше адам қатысады (2-3 адам)
- ✓ Бұл : қатысушылар жақын маңда болып, бірін-бірі көріп естіп және кері байланыс жүзеге асса іс-әрекет болады.





Назарларыңызға
рахмет!